

2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 1375

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп 2003-2008 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобаларын дайындау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу мақсатына арналған қаражатты республикалық бюджетке енгізу жөніндегі ұсыныстарды тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1375 қаулысымен
бекітілген

2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесі

1. Осы Ереже "Лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 наурыздағы N 289 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің көрсетілген қаулысын іске асыру шеңберінде жасасылатын кредиттік келісімдерге (бұдан әрі - Кредиттік келісімдер) сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлетін, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңында 085 "Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген

қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі (бұдан әрі - Лизинг) бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеудің тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы және " 2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарымен Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу мақсатына 042 "Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу" деген бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен "Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1491 қаулысына сәйкес ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге бағытталған сомалар шегеріле отырып жүргізіледі. <*>

Ескерту.2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1181 қаулысымен .

3. "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қарыз алушы банк) Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуді Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Әкімші) жүргізеді.

4. Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ретінде Әкімшінің Қаражат бөлуі үшін Қарыз алушы банк республикалық бюджеттің кірісіне бір жолғы немесе бөліп-бөліп, оның ішінде мерзімінен бұрын Қарминнің сыйақысын Кредиттік келісімдерге сәйкес төлеу сәтінде игерілген кредиттердің бір бөлігі бойынша олардың өтелуін ескере отырып төлеуді қамтамасыз етеді.

5. Әкімшінің Қарыз алушы банкке Қаражат бөлуі республикалық бюджеттен өтеусіз немесе қайтарусыз төлемдер жолымен, республикалық бюджеттің кірісіне Қарминнің тиісті сыйақысын немесе оның бір бөлігін Қарыз алушы банктің Кредиттік келісімдер бойынша төленгендігі фактісін растайтын құжаттарды Әкімшіге берген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қарминнің сыйақысын Қарыз алушы банктің осы Ереженің 4-тармағына сәйкес жүргізілетін төлем сомасына тең көлемінде жүргізеді.

6. Әкімші тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде Қарминге Қарыз алушы банктің республикалық бюджетке Қарминнің сыйақысын аударғаны туралы және Әкімшінің Лизинг бойынша Қарыз алушы банкке сыйақы (мүдде) ставкасын өтегені туралы ақпаратты жібереді.

7. Қарыз алушы банктің осы Ережені орындауын бақылауды Әкімші жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК